

Халықты орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде заңды және жеке тұлғалармен пайдаланылатын су объектілерін тіркеу ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті төрағасының 2006 жылғы 17 ақпандағы N 29 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 20 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4124. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 18 сәуірдегі № 19-02/183 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.04.18 № 19-02/183 (ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 92 бабаның 1 тармағына сәйкес,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Берілген халықты орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде заңды және жеке тұлғалармен пайдаланылатын су объектілерін тіркеу ережесін бекіту.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Комитет төрағасының орынбасары **Ә.Кеншімовке** жүктелсін.

3. Осы бұйрық, бұның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбектік он күннің ішінде күшіне енеді.

Төраға

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері,
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігінің
Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау комитетінің төрағасы

"__" _____ 2006 ж.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің

Су ресурстары жөнінде

к о м и т е т і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 1 7 а қ п а н д а ғ ы
N 29 бұйрығымен бекітілген

Халықты орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде заңды және жеке тұлғалармен пайдаланылатын су объектілерін тіркеу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы халықты орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде заңды және жеке тұлғалармен пайдаланылатын су объектілерін тіркеу Ережелері (бұдан әрі - Ережелер), Қазақстан Республикасы Су кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 92 бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген және орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде заңды және жеке тұлғалармен пайдаланылатын жер үсті және жерасты су объектілерін жергілікті атқарушы органдармен тіркеу тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережелерде келесі түсініктер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) халықты орталықтандырылмаған ауыз сумен жабдықтау - жеке немесе жалпы ашық пайдаланудағы ауыз суды шығындалу жеріне жеткізбей алуға арналған құрылыстарды пайдалану;

2) ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау - су алу құрылғылары арқылы ауыз су және тұрмыстық мұқтаждықтарды өтеу үшін жер үсті және жерасты су көздерін пайдалану;

3) су тарту құрылысы - су объектілерінен су алуға арналған құрылыстар мен құрылыстар кешені;

4) суды қысыммен ағызатын мұнара - жасанды тірек құрылмасындағы су үшін арынды резервуар;

5) шахта құдығы - сумен жабдықтау мақсатында жер асты суларын алу үшін құрылған тереңдігі көлденең қимасынан үлкенірек тік тау-кен қазындысы;

6) құбырлы құдық - жерасты суларын алуға арналған қабырғасы құбырлармен айландыра бекітілген тік цилиндрлік каналдар түріндегі құрылғы;

7) шегендеу құрылысы - табиғи шығып жатқан жерасты суларының ашылуын және пайдалану мақсатында оларды жер бетіне шығарылуын қамтамасыз ететін

8) ұңғыма - жерасты суларын жер бетіне көтеруге арналған құрылғы;

9) бұлақ - жерасты суының жер бетіне табиғи жинақталып шығуы.

3. Халықтың орталықтандырылмаған суды пайдалануы жүзеге асады:

1) ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға су көздерін пайдаланатын жеке тұлғалармен тәулігіне 50 текше метрге дейінгі көлемде;

2) халықты орталықтандырылмаған сумен жабдықтау қызметін көрсететін жеке немесе заңды тұлғалармен тәулігіне 50 текше метрге дейінгі көлемде.

4. Халықты орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін келесі су алу құрылғылары қолданылады: суды қысыммен ағызатын мұнаралы ұңғымалар (тарату желісіз), шахталы және құбырлы құдықтар, бұлақтардың шегендеу құрылғылары.

5. Су объектілерінен тәулігіне елу текше метрге дейінгі көлемде су алу кезінде халықты орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау арнайы лицензия алуды талап етпейді.

2. Халықты орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын су объектілерін тіркеу реті

6. Су объектісін тіркеу оның орналасу орнына сәйкес жергілікті атқарушы органдармен жүзеге асырылады.

7. Заңды немесе жеке тұлғалар жергілікті атқарушы органдарға Ереженің 12 және 13 тармақтарында көрсетілген құжаттарға өтінішті қосып жолдайды.

Құжаттар толық тапсырылмаған жағдайда, өтініш қараусыз қайтарылады.

8. Құжаттарды қарастыруға қабылданғаннан кейін жергілікті атқарушы орган о л а р д ы к е л і с і м г е ж о л д а й д ы :

1) сол аумақтың мемлекеттік санитарлы-эпидемиологиялық қызмет органы, су объектісінің, орталықтандырылмаған ауыз-су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға қойылатын талаптарға сәйкестігіне қатысты;

2) аумақтық су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган, су объектісін орталықтандырылмаған ауыз-су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау мүмкіндігі мәселесі бойынша.

9. Осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар он күн ішінде келісін береді және жергілікті атқарушы органға осы құжаттарды қарау туралы қорытындысын ұсынады. Мемлекеттік органдардың оң қорытындысы келісім, ал теріс қорытындысы - келісімнен бас тарту болып табылады.

10. Келісілген құжаттар негізінде жергілікті атқарушы орган өтініш қарауға қабылданған күннен бастап бір ай ішінде халықты орталықтандырылмаған ауыз

су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын су объектілерін тіркейді.

11. Егер Ереженің 8-тармағында көрсетілген органдардың біреуінің теріс қорытындысы болған жағдайда, жергілікті атқарушы орган өтініш қарауға қабылданған күннен бастап бір ай ішінде, себебін жазбаша көрсете отыра бас тартады.

3. Тіркеуге қажетті құжаттар

12. Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға су көздерін меншіктік қажеттіктері үшін тәулігіне 50 текше метрге дейінгі көлемде пайдаланатын жеке тұлғалар су пайдалану объектілерін тіркеу үшін жергілікті атқарушы органға ұсынады:

- 1) өтініш (Ереженің 1 қосымшасы);
- 2) су тарту құрылғысы орналасқан орны көрсетілген жер телімінің жоспарының көшірмесі.

13. Тәулігіне 50 текше метрге дейінгі көлемде суды пайдаланатын халықты орталықтандырылмаған сумен жабдықтау қызметін көрсететін жеке немесе заңды тұлғалар келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш (Ереженің 2 немесе 3 қосымшасы);
- 2) су тарту құрылғысы орналасқан орнының ахуалды сұлбасы;
- 3) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі (жеке тұлға үшін - жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі);
- 4) жер беті немесе жерасты су алу жүзеге асатын техникалық құрылғылар немесе құрылымдар орналасқан жер телімі актісінің көшірмесі (жалдау шарты, әкімнің шешімі);
- 5) су шаруашылық құрылғының немесе құрылымның төлқұжатының көшірмесі;
- 6) меншікті лабораториясы болған жағдайда - санитарлық гигиеналық, эпидемияға қарсы қызметтерге, соның ішінде, бактериологиялық санитарлы-химиялық зерттеулер жүргізуге лицензияның көшірмесі; лабораториялық зерттеулер басқа лабораторияларда өткізілген де - лабораториялық зерттеулер жүргізуге келісім шарттың көшірмесі және сол лабораторияның көрсетілген қызмет түрін жүргізуге арналған лицензиясының көшірмесі;
- 7) Сумен қамту көздері мен шаруашылық-ауызсуға арналған су құбырларын

санитарлық қорғау аймағын күтіп ұстаудың санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес, санитарлық қорғау аймағының жағдайлық жоспарының көшірмесі.

Халықты орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін заңды және жеке тұлғалармен пайдаланылатын су объектілерін тіркеу Ережелеріне

1 Қосымша

Тәулігіне 50 текше метр көлемінде орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін су көздерін пайдаланылатын жеке тұлғалардың өтінішінің нысаны

(мемлекеттік органның толық атауы)

(жеке тұлғаның толық фамилиясы, есімі, әкесінің есімі)

ӨТІНІШ

Су алу көлемі тәулігіне 50 текше метр орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын су объектісін тіркеуді сұраймын.

Суды пайдалану мақсаты _____
(жеке мақсатта, халықты

орталықтандырылмаған сумен жабдықтау)

Су алу құрылысының түрі _____
(атауы, іске қосу жылы,

өндірістік қуаты және т.б.)

Су алу орны _____
(су алу құрылғысының орналасқан орнын көрсету)

Жеке тұлға туралы мағлұмат:

1. Тұлғаны куәландыратын құжаттың рет саны мен берілген датасы

2. Туылу датасы _____

3. Мекен-жайы _____

4. РНН _____

Қ о с ы м ш а мағлұматтар:

1. Тұрғындар саны _____

2. Үй жанындағы телімнің көлемі _____

3. Мал саны _____

Қосымша _____

/ _____ / _____

(қолы) (фамилиясы, есімі, әкесінің есімі)

" _____ " _____ 200 _____ ж.

Өтініш қарауға қабылданды " _____ " _____ 200 _____ ж.

/ _____ / _____

(қолы) (өтінішті қабылдаған жауапты тұлғаның фамилиясы,
есімі, әкесінің есімі)

Халықты орталықтандырылмаған
ауыз су және шаруашылық - тұрмыстық
сумен жабдықтау үшін заңды және жеке
тұлғалармен пайдаланылатын
су объектілерін тіркеу Ережелеріне

2 Қосымша

**Тұрғылықты халыққа тәулігіне 50 текше метр көлемінде
орталықтандырылмаған сумен жабдықтау жөніндегі қызмет
көрсететін заңды тұлғалардың өтінішінің нысан**

_____ (мемлекеттік органның толық атауы)

_____ (заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның толық Ф.Е.ӘЕ.)

ӨТІНІШ

Су алу көлемі тәулігіне 50 текше метр орталықтандырылмаған
ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін
пайдаланылатын су объектісін тіркеуді сұраймын.

Су объектісінің атауы мен оның сипаттамасы _____

Су алу құрылғысының түрі _____

(атауы, іске қосу жылы, өндірістік
қуаты және т.б.)

Су тұтынушылардың саны туралы мәліметтер _____

Су өлшеу аспаптарының түрлері мен саны, оларды тексеру _____

Заңды тұлға туралы мағлұмат:

1. Меншік түрі _____

2. Құрылған жылы _____

3. Тіркеу туралы куәлік _____
(нөмірі, кіммен және қашан берілді)

4. Заңды мекен-жайы _____
(индекс, облыс, аудан, қала, көше, үй офис,
т е л е ф о н , ф а к с)

5. Банктік деректеме _____
(есеп шот, банк, БИК, РНН)

Бірге ұсынылатын құжаттар тізімі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті төрағасының 2006 жылғы 17 ақпандағы N 29 бұйрығымен бекітілген Тұрғылықты халықты орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін заңды және жеке тұлғалармен пайдаланылатын су объектілерін тіркеу Ереженің 13 тармағына сәйкес жүргізіледі

/ _____ /
(қолы) (заңды тұлға басшысының тегі, есімі, әкесінің есімі)

М.О.

" _____ " _____ 200 _____ ж.

Өтініш қарауға қабылданды " _____ " _____ 200 ж.

/ _____ /
(қолы) (өтінішті қабылдаған жауапты тұлғаның тегі, есімі,
әкесінің есімі)

Халықты орталықтандырылмаған
ауыз су және шаруашылық - тұрмыстық
сумен жабдықтау үшін заңды және жеке
тұлғалармен пайдаланылатын
су объектілерін тіркеу Ережелеріне

3 Қосымша

**Тұрғылықты халыққа тәулігіне 50 текше метр көлемінде
орталықтандырылмаған сумен жабдықтау жөніндегі қызмет
көрсететін жеке тұлғалардың өтінішінің нысаны**

_____ (мемлекеттік органның толық атауы)

_____ (жеке тұлғаның толық тегі, есімі, әкесінің есімі)

ӨТІНІШ

Су алу көлемі тәулігіне 50 текше метр орталықтандырылмаған
ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін

пайдаланылатын су объектісін тіркеуді сұраймын.

Су объектісінің атауы мен оның сипаттамасы _____

Су алу құрылғысының түрі _____

(атауы, іске қосу жылы, өндірістік
қуаты және т.б.)

Су тұтынушылардың саны туралы мәліметтер _____

Су өлшеу аспаптарының түрлері мен саны, оларды тексеру _____

Заңды тұлға туралы мағлұмат:

1. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік _____

(номер, кіммен және қашан берілді)

2. СТРС _____

3. Мекен-жайы _____

(индекс, облысы, ауданы, қаласы, көшесі, үйі,
офисі, телефоны, факсі)

Бірге ұсынылатын құжаттар тізімі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті төрағасының 2006 жылғы 17 ақпандағы N 29 бұйрығымен бекітілген Тұрғылықты халықты орталықтандырылмаған ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін заңды және жеке тұлғалармен пайдаланылатын су объектілерін тіркеу Ереженің 13 тармағына сәйкес жүргізіледі

/ _____ /
(қолы) (тегі, есімі, әкесінің есімі)

М.О.

" _____ " _____ 200 _____ ж.

Өтініш қарауға қабылданды " _____ " _____ 200 ж.

/ _____ /
(қолы) (өтінішті қабылдаған жауапты тұлғаның тегі, есімі,
әкесінің есімі)